



- «АРДАГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫНЫҢ» САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫ
- «АРМЫСЫҢ, ӘЗ НАУРЫЗ»
- «НАУРЫЗ FEST» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ
- «ҮЗДІК МЕДБИКЕ – 2018» КӘСІБИ САЙЫСЫ
- «ҮЗДІК АКУШЕР – 2018» КӘСІБИ САЙЫСЫ
- «ЛУЧШИЙ ФАРМАЦЕВТ – 2018 ГОДА» КӘСІБИ САЙЫСЫ
- «ҮЗДІК ФЕЛЬДШЕР ТОБЫ» КӘСІБИ САЙЫСЫ
- СЕМИНАР
- 26.03.2018-28.03.2018 ЖЫЛЫ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ 3 КҮНДІК АШЫҚ ЕСІК КҮНІ
- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
- АШЫҚ САБАҚТАР
- КОЛЛЕДЖ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ
- ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУ
- ЖАРАЙСЫНДАР! ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!
- КЕЗДЕСУ
- ИНСТРУКТИВТІ ЖИНАЛЫС
- ЭКСПУРСИЯ
- ІССАПАР
- «РУХЫ БИК ТҮЛҒА – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҮЛГІЛІ АЗАМАТ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АПТАЛЫҚ
- «XXI ҒАСЫР БІЛІМ» ФИЛЬМІ
- КЕҢЕС БЕРУ АЛАҢЫ
- ТАРАЗ АРУЫ
- «ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ДӘУІРІ – ЕЛБАСЫНЫҢ ЕҢБЕГІ» БУРЫШЫ
- АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ
- «КӨКТЕМ АРУЫ – 2018»
- 1 СӘУІР КҮЛКІ КҮНІ
- «ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ» КІТАБЫ
- ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ» ҮНДЕУІ
- «ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ» ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЙЫМДЫЛЫҚ ІС – ШАРА
- ҰЛТТЫҚ БҰЙЫМДАР МЕН ТАҒАМДАР КӨРМЕСІ
- ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!
- БІЛІКТІЛІКТІ ЖОҒАРЛАТУ КУРСЫ

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ» ҮНДЕУІ

15.03.2018 ж. колледждің «Рухани дамыту» орталығында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 5 наурызындағы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуін тарих пәнінің оқытушысы Ш.Т. Маманова насихаттап, студенттерге баяндады.

«ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ» ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЙЫМДЫЛЫҚ ІС – ШАРА

15.03.2018 ж. Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Н. Сарыбекова және студенттер кәсіподақ ұйымы колледждегі жетім, ата-анасының қамқорлығынан айырылған 25 студентке және мүмкіндігі шектеулі 14 студентке «Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесі» қарсаңында ізгі ниетін білдіріп, қаржылай қайырымдылық көмек көрсетті.

ҰЛТТЫҚ БҰЙЫМДАР МЕН ТАҒАМДАР КӨРМЕСІ

15.03.2018 ж. «Мейірім күніне» орай Жамбыл медициналық колледжінде «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» тақырыбы аясында ұлттық бұйымдар мен тағамдар көрмесі және «Тәтті бауырсақ» атты сайыс ұйымдастырылды. Іс-шараға студенттер белсене қатысып, мадақтама, алғыс хаттармен марапатталды.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

«Просвещение» республикалық ақпараттық-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Менің елімнің табиғаты (шығармалар байқауы)» атты байқаудың жеңімпазы Жамбыл медициналық колледжінің 1 курс студенттері Н.А.Темірболат ІІ дәрежелі, А.М.Мұратханқызы ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекші: пән оқытушысы Ә.Т.Мәдімарова.

05.03.2018ж. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілген «Менің сүйікті авторым» атты республикалық интернет –байқауына «Мейіргер ісі» 213 топ студенті Сүйінбекұлы Кәрім қатысып ІІІ – дәрежелі Дипломмен марапатталып, кітапхана меңгерушісі Бегалиева Нұрсұлу Алғыс хатты иеленді.

Халықаралық дамыту орталығы international development center “Be Clever” қашықтықтан өткізілген ІІ Халықаралық олимпиадада Орыс тілі пәнінен “Мейіргер ісі” бөлімі 101 топ студенті А. Мұхитова, 102 топ студенті А. Мыңбай қатысып, І дәрежелі Дипломмен марапатталып, сертификатқа ие болды. Жетекшісі пән оқытушысы Иманбекова Ж.Б.

БІЛІКТІЛІКТІ ЖОҒАРЛАТУ КУРСЫ

03.03.2018 ж. С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің халықаралық медициналық факультеті латын тілі курсымен орыс тілі және кәсіби орыс тілі кафедрасының 72 сағат көлемде өткізген «Жоғары және орта білім жүйесінде тіл үйретудің заманауи технологиялары» «Инновационные технологии языкового обучения в системе среднего и высшего образования» «Innovation technologies of language teaching in the system of secondary and higher education» республикалық семинар-тренингке колледж оқытушылары: Л.Т.Куанышбекова, Ж.Б.Иманбекова, Ж.Л.Шужеева, Л.К.Батаева, Л.К.Мейрманова, К.Ж.Байбосынова, Ә.Б.Бердалиева, А.О.Бейсенбаева қатысып, сертификатқа ие болды.



«АРДАГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫНЫҢ» САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫ

19.03.2018 жылы Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Сарыбекованың бастамасымен, колледж алаңында оқу орнына еңбегі сіңген, өркендеуіне мол үлестерін қосқан ардагер оқытушыларға арналған «Ардагерлер аллеясының» салтанатты түрде лентасы қиылды. Колледжге ескерткіш ретінде ардагерлер арша ағаштарын отырғызды. Іс-шара барысында қонақтарға колледждің «Спорттық алаңы», «Мұражайы», «Рухани дамыту» орталығы таныстырылып, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы және «Ынтымақ» күніне орай ұйымдастырылған «Наурыз – бірліктің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі» атты фестивалін тамашалады. Әр ұлт өкілдері өздерінің салт-дәстүрлерін, тағамдарын таныстырып, ниет-тілектерін білдіріп, соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Мереке соңында ардагерлер сөз сөйлеп, өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Колледж директоры Ж.Сарыбекова құттықтау сөз айтып, колледждің кәсіподақ ұйымы атынан қонақтарға арнайы сыйлықтар таратылып, соңында ардагерлерге, студенттерге және колледж ұжымына мерекелік дастархан жайылып, Наурыз көже таратылды.

«АРМЫСЫҢ, ӘЗ НАУРЫЗ»

22.03.2018 жылы Сүлейменов көшесінің бойында Наурыз мерекесіне орай өткен қалалық «Армысың, Әз Наурыз» атты іс-шараға Жамбыл медициналық колледжі халыққа концерттік бағдарлама ұсынды.



«НАУРЫЗ FEST» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ

20.03.2018 ж. Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын іске асыру мақсатында Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай Тараз қаласындағы жоғарғы және арнайы орта оқу орындарының студенттері мен жас мамандары арасында ұйымдастырылған «Наурыз Fest» облыстық байқауында колледж белсенділері «Келін түсіру» салтын көрсетіп, «Ұлттық дәстүрді ұлықтаушылар» номинациясы Дипломымен марапатталып, планшет сыйға алды.





«ҮЗДІК МЕДБИКЕ – 2018» КӘСІБИ САЙЫСЫ



13.03.2018 ж. Б корпусының мәжіліс залында «Медбикелік ісі» мамандығы IV курс студенттері арасында «Үздік медбике – 2018» кәсіби сайысы өтті.

Жауапты: Медбикелік ісі негіздері пәнінің оқытушылары А.С. Онгарбаева, Р.Д. Мухажанова.

I орын – Сапарғали Қарлығаш, 410 топ студенті
II орын – Абубакирова Айдана, 411 топ студенті
III орын – Жолдасбек Жания, 427 топ студенті

«ҮЗДІК АКУШЕР – 2018» КӘСІБИ САЙЫСЫ



14.03.2018 ж. Б корпусының мәжіліс залында «Емдеу ісі» мамандығы IV курс студенттері арасында «Үздік акушер – 2018» кәсіби сайысы өтті.

Жауапты: Акушерия және гинекология пәнінің оқытушылары

Ж.С. Жарасова, Д.Д. Айдаралиева.

«Үздік акушер» – Колупаева Ольга, 423 топ студенті

I орын – «Акушеры ЖМК» тобы, 423 топ

II орын – «Болашақ» тобы, 422 топ

«ЛУЧШИЙ ФАРМАЦЕВТ – 2018 ГОДА» КӘСІБИ САЙЫСЫ



15.03.2018 ж. Б корпусының мәжіліс залында «Фармация» мамандығы IV курс студенттері арасында «Лучший фармацевт – 2018 года» кәсіби сайысы өтті.

Жауапты: Фармакология пәнінің оқытушысы Ахметова Ұ.М.

I орын – Назарова Акнұр, 428 топ студенті

II орын – Мирхаликова Азиза, 428 топ студенті

III орын – Абдуллаева Замина, 429 топ студенті

«ҮЗДІК ФЕЛЬДШЕР ТОБЫ» КӘСІБИ САЙЫСЫ



16.03.2018 ж. Б корпусының мәжіліс залында «Емдеу ісі» мамандығы IV курс студенттері арасында «Үздік фельдшер тобы» кәсіби сайысы өтті.

Жауапты: Ішкі аурулар пәнінің оқытушылары

Зиябекова Д.А., Баетова А.Қ.

Бас жүлде – «Білікті маман» тобы, 404 топ

I орын – «Абзал жандар» тобы, 406 топ


II орын – «Шипагер» тобы, 403 топ

III орын – «Медицина» тобы, 414 топ

СЕМИНАР



Жамбыл облысының денсаулық сақтау басқармасының талабына сәйкес 26.03.2018 жылы Жамбыл облысы және Тараз қаласы медициналық ұйымдарының орта медицина қызметкерлері арасында (барлығы 86 маман) «Денсаулық сақтау саласы кадрларын даярлауды, біліктілігін жоғарылатуды және қайта даярлауды қамтамасыз ету» мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы семинар өтіп, бейнеролик түсірілді.



Орта медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінде «Мейіргердің жаңа рөлі мен құзыреттілігі» тақырыбында семинар өткізілді. Семинарда мейіргерді дайындаудағы өзгерістер,

қолданбалы бакалавриат, мейіргердің жаңа рөлі, мейіргердің пациенттерді жеке қабылдауы туралы өзекті мәселелер қаралды. Тақырыпты «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Ж.Б.Мырзагулова ашты. 6 сағат көлемінде сертификаттар берілді.




29.03.2018 жылы Жамбыл облысы салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметкері М.Төлепбергенова және Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің қызметкері Г.Байтанаева колледж жастарына салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Өз болашағың-өз қолыңда» атты семинар өткізді.

КЕЗДЕСУ

14.03.2018 жылы ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын түсіндіру мақсатында, Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Еліміздің даму жолындағы серпінді қадам!» атты кездесу өткізілді. Кездесуге ардагерлер кеңесінің мүшесі, жастар арасында тұрақты жұмыс жүргізу комиссиясының төрағасы М.Жаналиев, С.Жамалбеков, Тараз қаласы «Тараз студенттері Альянсының» көшбасшысы «Емдеу ісі» бөлімі 301 топ студенті Е.Қыпшақбаев, Жамбыл медициналық колледжінің жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева және «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің ұйымдастыру секторының жастар ісі жөніндегі инспекторы Э.Әкпар қатысты.

ТАРАЗ АРУЫ



19.03.2018 ж. Баласағұн ОКЗ-да Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының бастамасымен «Тараз аруы» сұлулық байқауы Наурыз мерекесі қарсаңында ұйымдастырылды. Сұлулық конкурсы бірнеше кезеңнен тұрды.

Сайысқа өңіріміздің әр аймағынан іріктелген 11 ару қатысты. Жамбыл медициналық колледжінен «Мейіргер ісі» бөлімі 310 топ студенті А.Сейдуалиева «Вице мисс Тараз» II орынмен, «Мейіргер ісі» бөлімі 209 топ студенті А.Ізбәкірова «Өнерлі ару» номинациясымен марапатталды.

«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ДӘУІРІ – ЕЛБАСЫНЫҢ ЕҢБЕГІ» БҰРЫШЫ



31.03.2018 ж. Жамбыл медициналық колледжінің «Рухани дамыту» орталығында «Тәуелсіздіктің дәуірі – Елбасының еңбегі» тақырыбында бұрыш жасалды. Жауаптылар: Л.Мейрманова және Ш.Маманова.

АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫ



30.03.2018 ж. Оқытушы К.Н.Тулгенова «Мейіргер ісі» 203 топпен «Түлектеріміз-біздің мақтанышымыз» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті.

«КӨКТЕМ АРУЫ – 2018»



06.03.2018 ж. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында, қазақ қызына тән мінез-құлықты, көркемдік талғамды

қалыптастыру мен ұлттық салт-дәстүрді насихаттау мақсатында «Көктем аруы – 2018» атты сұлулық байқауы өткізілді. Байқау 5 кезеңдерден тұрды:

Байқаудың қорытындысы:

Бас жүлде 108 топ студенті Бостанова Әсем

1 орын – А. Сабитова 113-топ, А. Пернебекқызы 102-топ

2 орын – А. Тұрсыналы 106-топ, А. Иванова 115-топ

3 орын – Б. Сұлтанмұрат 101-топ,

М. Құсайынова 107-топ

«Нәзік ару» – М. Өмірзақ 105-топ, «Білімді ару» –

Ж. Сауытбекова 112-топ, «Инабатты ару» - А. Шыңғожа

103-топ, «Шебер ару» - М. Құлжабаева 104-топ,

«Көрермен көзайымы» - Я. Мадоминова 114-топ

Ұйымдастырушылар: студенттер кәсіподақ ұйымының

төрайымы: Б.А.Қырықбаева, жастар ісі жөніндегі

комитетінің төрайымы: Д. Б. Уркимбаева.

1 СӘУІР КҮЛКІ КҮНІ



30.03.2018 жылы 1 – сәуір күлкі күніне қарсы Жамбыл медициналық колледжі «Жастар ресурстық орталығымен» бірлесе отырып, «Көңіл – күй кемпіркөсағы» акциясын ұйымдастырды. Жауаптылар:

Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аға инспектор психолог: Г.Т. Карсабекова, колледж психологтары: А.Н. Өскенбаева, Т.С. Алимкулова.

«ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ» КІТАБЫ



31.03.2018 ж. Жамбыл облыстық Ш.Уәлиханов атындағы әмбебап кітапханасында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабы Жамбыл медициналық колледжінің «Мейіргер ісі» бөлімі 103, 106 топ студенттеріне таныстырылды.



«РУХЫ БИІК ТҮЛҒА – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҮЛГІЛІ АЗАМАТЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АПТАЛЫҚ



13.03.2018 жылы ҚБАЖ менгерушісі Р.Б. Усеновтың ұйымдастыруымен «Рухы биік тұлға – құқықтық мемлекеттің үлгілі азаматы» тақырыбындағы апталықтың аясында Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның УПИ полиция аға лейтенанты Холашов Серік Аярбекұлы колледж студенттерімен кездесіп «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында дәріс оқыды.



15.03.2018 жылы «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және болдырмау» тақырыбында Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ ЮПБ УПИ полиция капитаны Ишанқұлова Жансая Қожамқұлқызы колледж студенттерін әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің бірқатар баптарымен таныстырып өтті.



15.03.2018 жылы СӨСҚ орталығының педагог-валеологы, бас маманы Б.Б. Сарыбаева қатысуымен «Қыздардың өсімталдық денсаулығы» тақырыбында колледж студенттеріне дәріс оқып, колледж психологы Т.С. Алимкулова жадынама қағаздарын таратып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



16.03.2018 жылы Жамбыл облыстық наркологиялық диспансерінің маманы Джумалиева Жанар Сералиевна «Гашишти наша қорлық, тұтынудың алдын алу» деген тақырыпта 329, 209 топ студенттеріне дәріс оқып, бейнеролик көрсетті.



28.03.2018 жылы ЖДО-ның әлеуметтік педагогы А.Д. Ақынбекова, психологы С.А. Заппарова, гинекологы М.Ж. Қандыбай колледж студенттеріне «Маскүнемдіктің алдын алу», «Темекінің зияны», «Жыныстық жолмен жұғатын аурулар», «Зиянды әдеттердің алдын алу» тақырыптарында дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



29.03.2018 жылы Жамбыл облысы салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметкері М.Төлепбергенова және Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің қызметкері Г.Байтанаева ЖОСӨСҚМО мамандары М.О. Кейкеева мен Қ. Қыдырбек колледж студенттеріне салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Зиянды әдеттерден аулақ болайық!» тақырыбында дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«XXI ҒАСЫР БІЛІМІ» ФИЛЬМІ



28.03.2018 ж. «XXI ғасыр білімі» тақырыбында «Мейіргер ісі» бөлімі 107, 105 топ студенттеріне деректі фильм көрсетілді. Жауапты: «Рухани дамыту» орталығының жетекшісі Ш.Маманова.



19.03.2018 жылы колледжде «Оценка коммуникативных навыков специалиста сестринского дела по профилактике заболеваний» тақырыбында вебинар өтті. Вебинарда мейіргер ісін дамытудағы Қазақстан Республикасының нормативтік-заңнамалық базасы, мейіргерлік манипуляциялар орындау кезінде пациентпен қарым-қатынас орнатудың психологиялық ерекшеліктері, пациенттің қорқу және қобалжу сезімдерін басу, эмоцияны қадағалау әдістеріне қатысты сұрақтар талқыланды. Вебинарға «Медбикелік іс негіздері» пәні оқытушылары қатысты.

КЕҢЕС БЕРУ АЛАҢЫ



30.03.2018 жылы сағат 11.00-ден 12.00-ге дейін колледж алаңында, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында «Жастарға мемлекеттік бағдарламалар және түрлі салалар аясында консультациялық алаң жұмысын ұйымдастыру және өткізу» атты қалалық Кеңес беру алаңы жұмысын атқарды.

26.03.2018-28.03.2018 ЖЫЛЫ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ 3 КҮНДІК АШЫҚ ЕСІК КҮНІ



26.03.2018 жылы колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова ашық есік күнінің ашылуымен құттықтады. 3 күндік ашық есік күні жоспарына сәйкес №2 арнайы пәндері циклдік әдістемелік комиссия оқытушысы М.Л.Ералиев «Хирургия» пәнінен ашық сабақ өтті. Сабақ тақырыбы: «Қан кету, қан кетудің асқынуы». Ашық сабаққа Республиканың 11 мемлекеттік колледждері онлайн режимінде қатысты.



28.03.2018 жылы оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Ж.Б. Иманбекова, симуляциялық орталықтың меңгерушісі Ф.Д. Турмысова, колледж әдіскері Л.К. Батаева конференц-залда «Денсаулық сақтау қызметкерлерін дайындаудағы симуляциялық технологиялар» тақырыбында халықаралық деңгейде республикалық семинар өткізді. Семинарға Қазақстан Республикасы және Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері қатысты. Ресейдің Омск медициналық колледжі, Республиканың 26 медициналық колледж оқытушылары өтініш білдірді. Семинарға 17 оқытушы мақаламен шықты. Омск, Бішкек, Түркістан, Оңтүстік Қазақстан академиясы, Екібастұз, Атырау, Шымкент, Теміртау, Алматы, Қарағанды, Семей, Астана және тағы басқа колледждер онлайн режимде тікелей эфирде қатысуға мүмкіндік алды.


ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

04.04.2018 ж. Педагогикалық кеңес өтті
Күн тәртібінде:
1. 2017-2018 оқу жылының I жартысындағы оқу-тәрбие жұмысының сараптамасы және қорытындысы. Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т.
2. Рухани-патриоттық тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы мен сапасы. Жауапты: Үсенов Р.Б.
3. «Биология» пәнінің оқытылуы мен білім сапасы. Жауапты: Қалымбетова Ж.Б.
4. Әртүрлі




27.03.2018 ж. Колледждің симуляциялық орталығының клиникалық станцияларында №3 арнайы пәндердің циклдік әдістемелік комиссиясы, №2 жалпы кәсіби пәндердің циклдік әдістемелік комиссиясы оқытушылары онлайн режимінде Республиканың 12 мемлекеттік колледжіне Шебер –класс өткізді. №5 клиникалық станцияда Б.Т. Ержанов «Кенеттен жүрек тоқтауында көрсетілетін төтенше шұғыл көмек. Негізгі жүрек-өкпе реанимациясы» (орыс тілінде) өтті. №3 клиникалық станцияда Ескебекова З.С., Мұқажанова Р.Ж. «Анафилактикалық шокта медициналық көмек көрсетуін», №9 клиникалық станцияда Кудебаева Э.Ж. «Артериялық қан кетуді тоқтатуын» көрсетті. №8 клиникалық станцияда Парманова А.Т. «Жаралардың алғашқы өңдеуін өткізу және таңғышты қолдануы», №6 клиникалық станцияда Кудебаева Э.Ж. Тоқташева Ж.А. «Парентералдық инъекция техникасын» көрсетті. Шебер-класстар өте жоғары деңгейде өткізілді.

АШЫҚ САБАҚТАР



01.03.2018 ж. Оқытушы Г.Ж.Иманалиева Қазақстан тарихы пәнінен «Мейіргер ісі» бөлімінің 103 тобында «XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ағарту жүйесі және мәдениеттің дамуы» тақырыбында ашық сабақ өтті.



06.03.2018ж. Оқытушы А.Қ.Данебаева Қазақстан тарихы пәнінен «Мейіргер ісі» бөлімінің 207 тобында «Республикадағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай (1985-1991ж.ж.)» тақырыбында ашық сабақ өтті.



29.03.2018 ж. «Физика және астрономия» пәні бойынша «Дыбыс табиғаты. Әр түрлі ортаның дыбыс жылдамдығы. Ультрадыбыс және оның қасиеттері» тақырыбында оқытушы А.С.Сагитжанова «Мейіргер ісі» бөлімі 107 топта ашық сабақ өтті.



КОЛЛЕДЖ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ



Қазақстан Республикасы бойынша 100 колледж арасынан «Образцовый налогоплательщик» көрсеткіші бойынша Жамбыл медициналық колледжі «Лидер года» атағына ие болып, Ұлттық сертификатты иеленді.

Жамбыл медициналық колледжінің бас есепшісі Г.О.Шералина «Бухгалтер года» атағын иемденді. Ұлттық сертификатқа ие болды.



15.03.2018 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық бизнес-рейтинг қорытындысы бойынша «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі, оқытушы-дәрігер А.М.Мадибраимова «Гордость образования» орденімен, «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі, оқытушы-педагог С.С.Тургумбекова «За весомый вклад в образование» медалімен марапатталды.



ШЖҚ МКК «Түркістан медицина колледжі» ұйымдастырған Республикалық интеллектуалдық «Анатомия білгірі-2018» байқауына «Encerphalon» командасы 4 курс студенті «Емдеу ісі» бөлімі 404 топ студенті А.Тоғаева, 3 курс студенті «Мейірбике ісі» бөлімі 310 топ студенті Ж.Жиынды, 2 курс студенті «Мейірбике ісі» бөлімі 207 топ студенті А.Абдреймова қатысып, жоғарғы танымдық қабілет танытып, «Ғылым мен тәжірибені үйлестіруші» номинациясымен марапатталды. Сайысқа колледж әдіскері Л.К.Батаева, және студенттер жетекшісі «Анатомия» пәнінің оқытушысы А.А.Бөпеева барып келді.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУ

15.03.2018 ж. Ресейдің Омск мемлекеттік медициналық университеті жанындағы медициналық колледждің ұйымдастыруымен өтетін «Чемпионат профессионального мастерства» «Территория неотложной помощи» Халықаралық байқаудың I турына «Емдеу ісі» бөлімінің студенттері қатысып, тест тапсырмаларын орындады. I дәрежелі Дипломмен студент И. Ахмедов, II дәрежелі Дипломмен С. Агаева, Н. Гишарова, Ф. Аббасова марапатталды.

05.04.2018 ж. Ресейдің Омск мемлекеттік медициналық университеті жанындағы медициналық колледждің ұйымдастыруымен өткен «Чемпионат профессионального мастерства» «Территория неотложной помощи» Халықаралық байқаудың II турына «Емдеу ісі» бөлімінің студенттері И. Ахмедов, С. Агаева, хирургия пәнінің оқытушысы Ералиев М.Л. жетекшілік жасап қатысты.

Осы байқауда студент С. Агаева байқаудың абсолютті жеңімпазы атанып, I дәрежелі Дипломмен марапатталды. Студент И. Ахмедов байқаудың «Оказание сердечно-легочной реанимации» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, Дипломмен марапатталды.



ЖАРАЙСЫҢДАР! ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ресейдің Омск мемлекеттік медициналық университетінің директоры А.И. Новиков, колледж директоры А.А. Турица колледж директоры Ж.Н. Сарыбековаға Халықаралық байқауда студенттердің қызығушылық танытып, белсенді қатысқаны үшін Алғыс хат жолдады. Колледж ұжымына зор денсаулық, таусылмас шығармашылық қуат пен болашақта сәттілік тіледі. Олар екі колледж арасында достық қарым-қатынастың сақталатынына және болашақта ынтымақтастықта болатынына сенім білдірді.

КЕЗДЕСУ




19.03.2018 жылы колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру фонды қызметкері Жигитековтың қатысуымен 3-4 курс студенттері және оқытушыларға «Міндетті әлеуметтік сақтандыруды енгізу» тақырыбында ақпаратандыру-түсіндірме кездесуі өткізілді.

ИНСТРУКТИВТІ ЖИНАЛЫС



20.03.2018 жылы колледждің Б ғимаратында директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары К.Т.Андакулова кәсіптік пәндер оқытушыларына арнап «Чистые руки спасут жизнь» тақырыбында инструктивті жиналыс өткізді. Жиналыста Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2013 жылғы 23 сәуірдегі № 111 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы медициналық ұйымдар қызметкерлерінің қолдарын өңдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде колледж оқытушылары және 2,3,4 курс студенттердің қолды өңдеу бойынша екіайлығы өтетіндігі жарияланды.



29.03.-30.03.2018 ж. аралығында 4 курс студенттері үшін әдістемелік жетекшілердің қатысуымен Кәсіптік тәжірибе кестесі және ережелері түсіндіріліп, инструктаж жүргізілді. Инструктаж соңында колледж оқытушыларының Ахметова У.М., Мырзагулова Ж.Б., Джантасова Р.У., Мадибраимова А.М., Токташева Ж.А., Ескебекова З.С. «Міндетті әлеуметтік сақтандыруды енгізу» тақырыбында ақпаратандыру-насихаттау жұмысымен жалғасты.

ЭКСКУРСИЯ



29.03.-30.03.2018 жылы кәсіптік бағдар беру және жұмыспен қамту жоспарына сәйкес Техникалық шығармашылық орталығының «Медицина» үйірмесі жетекшісі Шулембаева К.Е. және үйірменің 20 оқушысы колледжде оқытылатын мамандықтар туралы ақпарат алумен қоса, тәжірибелік сабақтар өткізілетін кабинеттерге экскурсия жасап, білім ордасының күнделікті өмірімен танысты.



29.03.2018 жылы колледждің Б ғимаратында «Универсально прогрессивная модель патронажной службы» тақырыбында Атырау медициналық колледжі базасында ұлттық тренерлер Б.Н.Бабаева және Н.Г.Кимның қатысуымен онлайн режимінде дөңгелек үстел өтті. Ашық іс-шараға колледжіміздің арнайы пәндер оқытушылары қатысып, тәжірибе алмасты.

ІССАПАР



2018 жылдың 12-16 наурыз аралығында қосымша кәсіптік білім беру саласындағы бизнесті басқару Орталығы - консалтингтік компаниясы ынтымақтастық туралы Халықаралық Келісімді іске асыру шеңберінде Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова «Қазақстан-Ресей-Финляндия», «Медициналық көмек көрсетуде науқастарға бағытталған тәсілі», «Үздік заманауи еуропалық мейіргер ісі тәжірибесі» атты ұшжақты семинарына қатысты.

2018 жылдың 29-30 наурыз күндері Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде өткен «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне» колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова қатысып келді.



2018 жылдың 30-31 наурыз аралығында А.Е.Исмаилова Қарағанды қаласы «Жастар» спорт кешенінде өткізілген «ROBO LAND 2018» халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестиваліне және «Білім берудегі ғылыми-техникалық бағытты дамыту білім берудің әртүрлі деңгейлерінде үздіксіздік құралы ретінде» атты халықаралық семинарға қатысып, сертификаттар алды.